

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Р е с п у б л и к а с ы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 13 қаңтардағы
N 38 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 71 қаулысында:

1-1-тармақтағы "Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қаржы министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.10.2019 № 798 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.12.2014 № 1315 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. "Көші-қонға бақылау жасауды күшейту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы 241 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 10, 119-құжат):

4-тармақтағы "Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қаржы министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысында Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 40, 422-құжат):

2-тармақтағы "Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қаржы министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловқа" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттарымен тетігі деген 5-бөлімнің жиырмамыншы абзацында:

"Кедендік бақылау агенттігінің" деген сөздер "Қаржы министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

4-бағандағы реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 1.3, 1.4.1, 2.2, 2.3, 2.9, 2.11, 2.11.1, 2.11.2, 2.11.3, 3.1, 3.2, 4.1, 4.4 және 4.5-жолдарда "КБА" деген аббревиатура "Қаржымині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3.1-жолдың 3-бағанында "КБА" деген аббревиатура "Қаржымині КБК" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

8. "Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді орындауға жауапты мемлекеттік органдардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы N 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 43, 465-құжат):

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы

N 1351 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 564-құжат):

3-тармақта "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

4-бағанда:

реттік нөмірлері 1.1.1, 1.1.2.1, 1.1.2.2, 1.1.3.1, 1.1.3.2, 2.3, 4.6, 5.1 және 5.2-жолдарда "КБА" деген аббревиатура "Қаржымині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.2-жолда "ҚР КБА (келісім бойынша)" деген сөздер "ҚР Қаржымині" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

көрсетілген жоспарға ескертуде:

"ҚР КБА - Кедендік бақылау агенттігі" деген жол "ҚР Қаржымині - Қаржы министрлігі" деген жолмен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесінде (2-бөлім):

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген бөлімде:

"Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар" деген кіші бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

"2. Кедендік 2004- Қаржы- 3549,0 4554,0 4218,0

қызметті дамытудың 2006 мині

2004-2006 жылдарға ж.ж.

арналған бағдарла-

масы (Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы

3 қазандағы

N 1019 қаулысы) ";

"Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген бөлімде:

"Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар" деген кіші бөлімде:

"2. Кедендік 2004- КБА 3549,0 4554,0 4218,0

қызметті дамытудың 2006

2004-2006 жылдарға ж.ж.

арналған бағдарла-

масы (Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы

3 қазандағы

N 1019 қаулысы) ";

деген реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2004-2006 жылдарға арналған инвестициялық жобалардың тізбесінде (3-бөлім):

"2004-2006 жылдарға арналған басым республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі" деген кестеде:

"Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 35-жолдың 3-бағанындағы "КБА" деген аббревиатура "ҚР Қаржымині" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"Кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы" деген бөлімде:

3-бағанда:

реттік нөмірлері 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242-жолдарда "КБА" деген аббревиатура "ҚР Қаржымині" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

11. "Қазақстан Республикасының сыртқы сауда статистикасын жүргізу мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 126 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 5, 70-құжат):

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 705 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімнің 4-бағанындағы:

реттік нөмірі 4.1, 5.1 және 5.2-жолдарда "КБА" деген аббревиатура "Қаржымині" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген жоспарға ескертуде:

"КБА - Кедендік бақылау агенттігі" деген жол "Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" деген жолмен ауыстырылсын.

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.12.2016 № 769 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК